



## **Атырау қаласы бойынша бөлшек салықтық арнаулы салық режимін қолдану кезінде мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы**

Атырау облысы Атырау қалалық мәслихатының 2024 жылғы 4 наурыздағы № 94 шешімі. Атырау облысының Әділет департаментінде 2024 жылғы 6 наурызда № 5146-06 болып тіркелді

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 696-3-бабы 5-тармағына сәйкес, Атырау қаласының Мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Атырау қаласы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда корпоративтік немесе жеке табыс салығы мөлшерлемесінің мөлшері салықтық кезеңде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 (төрт) пайыздан 2 (екі) пайызға төмендетілісін.

2. Осы шешім 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жарияланады.

*Атырау қаласы  
Мәслихатының төрағасы*

*Н. Құрман*